

## «IQ-аламан» интеллектуалдық сайысы

**2018 жылдың 16-ақпан күні** Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті 2018 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында көрсетілген міндеттерді іске асыру аясында **цифрлық білім беру ресурстарын дамыту мақсатында «IQ-аламан» интеллектуалды сайыс** өткізді. Сайысқа Алматы қаласы және Алматы облысы жоғарғы оқу орындарының студенттерінен құралған топтар қатысты.

Сайыс екі кезеңнен тұрды:

**I-КЕЗЕҢ.** «Ақылды технологиялар - цифрлық дәуір мүмкіндігі» көрмесі (үй тапсырмасы ретінде әр команда Елбасымыздың 2018 жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауында көрсетілген міндеттерін іске асыру жолында өздерінің «Ақылды технология» үлгілерін ұсынып, таныстыру тиіс).

**II-КЕЗЕҢ** сайыстары

- 1) «IQ-Linguist»
- 2) «IQ-Typist»
- 3) «Magic square»
- 4) «IQ-Detective»

Бұл сайысқа біздің университеттен «Хабрахабр» тобы қатысты.

Топ мүшелері: «5B011100 - Информатика» мамандығының 2-курс студенттері **Жарқынбек Мейіржан, Садық Айдос, Орынбек Жанна.**

Жетекшілері: «Информатика және білімді ақпараттандыру» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор **Есен Бидайбеков, п.ғ.к., аға оқытушы Бектас Бостанов, ф-м.ғ.к., аға оқытушы Адилбек Жаңбырбаев және аға оқытушы Индира Сәлғожа.**

Бұл топтың жасаған **DIGCON - Digital Converter** (мәтінді латын тіліне аудару, мәтінді пернетақтадан латын тілінде теру, сонымен қатар кез-келген қазақ тілінде кирилица әріптерімен терілген мәтінді латын әріптеріне түрлендіру мүмкіндігімен қамтылған) «Ақылды технология» үлгісі **I-орынды** иеленді.



